

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2022 жылғы 17 маусымдағы
ДС-199 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік), күтім балығын сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлердің тізбесінен алып тастау және балық түрлерін заңсыз аулағаны үшін қылмыстық жазаны жеңілдету жөніндегі хатты қарап, келесіні хабарлайды.

Күтім балығына қатысты

«Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысымен (бұдан әрі – Тізбе), күтім балығы сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің тізбесіне енгізілген.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚР Заңының 3-бабының 2-тармағына сәйкес жануарлар түрлерін санаттарға жатқызу және оларды бір санаттан басқасына ауыстыру жануарлар дүниесінің түрлік саналуандығын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану мақсатында биологиялық негіздеме негізінде ведомствоаралық зоологиялық комиссияның ұсынымы бойынша жүргізіледі.

Өз кезегінде, 2022 жылдың басынан бері «Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі биологиялық ресурстардың жағдайын бағалау бойынша кешенді теңіз зерттеулерін жүргізу» бюджеттік бағдарлама шеңберінде Каспий теңізінде мамандырылған ғылыми ұйыммен тиісті ғылыми зерттеулер жүргізілуде, оның ішінде күтім балығын тізбеден шығару бойынша жұмыстар қарастырылған және зерттеулерді шілде айында аяқтау жоспарлануда.

Ғылыми ұйыммен тиісті қорытынды ұсынылған жағдайда, қолданыстағы заңнама шеңберінде Министрлік күтім балығын тізбеден шығару бойынша тиісті шешімдер қабылдайтын болады.

Балық ресурстарын заңсыз аулағаны үшін қылмыстық жазаны жеңілдету мәселесі бойынша

ҚР Қылмыстық кодексінің 335-бабына сәйкес балық ресурстарын және басқа да су жануарларын заңсыз аулағаны және айтарлықтай залал келтірілген жағдайда, сондай-ақ жарылғыш немесе химиялық заттарды, электр тоғын немесе балық ресурстары мен басқа да су жануарларын жаппай жоюдың өзге де тәсілдерін қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Өз кезегінде, аталған баппен заңсыз балық аулау үшін қарастырылған жаза түрі Қылмыстық кодекстің 337-бабымен заңсыз аң аулау үшін қарастырылған жаза түрімен мөлшерлес екенін атап өткен жөн.

2020 жылы Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық инспекцияларымен қылмыстық жауапкершілікті көздейтін заңсыз балық аулаудың 49 фактісі, ал 2021 жылы осындай 74 факт анықталды.

Жеке тұлғалар заңнамамен көзделген қылмыстық жауапкершілікке қарамастан, балық ресурстарын заңсыз аулауды жалғастыруда, сондықтан қылмыстық жазаны жеңілдету заңсыз балық аулау фактілерінің ұлғаюына әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар, 2006 жылдан бастап су айдындары және (немесе) учаскелері табиғат пайдаланушыларға бекітіліп келеді және балық шаруашылығын дамытуға, оларды қорғауға, өсімін молайтуға және ғылыми зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ қосымша инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Жайық-Каспий бассейні бойынша 50-ге жуық балық шаруашылығы субъектілеріне кәсіпшілік балық аулауды жүзеге асыру үшін 60 балық шаруашылығы су айдындары немесе учаскелері бекітіліп берілген және олармен жыл сайын шамамен 13 мың тонна балық ауланады.

Осылайша, қазіргі уақытта балықшылар табиғат пайдаланушыларға жұмысқа тұрып, арнайы рұқсат қағаздарын ала отырып, балық аулаумен заңды түрде айналысуға мүмкіндіктері бар.

Сонымен бірге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, балық шаруашылығын жүргізу үшін су айдындарын конкурстық негізде бекітуге мүмкіндік бар екенін атап өткен жөн.

Осыған байланысты, қазіргі және келешек ұрпақтың мүдделерін ескере отырып балық ресурстарын сақтау мақсатында, заңсыз балық аулау үшін қарастырылған қылмыстық жазаны жеңілдету орынсыз деп санаймыз.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар
министрінің міндетін атқарушы**

Ә. Шалабекова